ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпаратты қорғау

ҚОРҒАЛҒАН ОРЫНДАЛУДАҒЫ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕЛЕР

Жалпы техникалық талаптар

ҚР СТ 34.024-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Гранит» Арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросы» ЖШС **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 550 бұйрығымен **ҚАБЫЛДАНЫП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Ресей Федерациясы ГОСТ Р 51624-2000 «Ақпаратты қорғау. Қорғалған орындалудағы автоматтандырылған жүйелер. Жалпы ережелер» стандартының негізгі ережелері ескеріліп әзірленген

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының нормалары, Қазақстан Республикасы Ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі Дүниежүзілік сауда ұйымының Келісімдері іске асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2011 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпаратты қорғау
ҚОРҒАЛҒАН ОРЫНДАЛУДАҒЫ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕЛЕР
Жалпы техникалық талаптар

Енгізілген күні 2008.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт қызметтің барлық түрлерінде (зерттеу, басқару, жобалау және т.б.) құрылуы және қолданылуы процесінде мемлекеттік құпияларға қатысты мәліметтер (бұдан әрі – құпия ақпарат, егер оның құпиялылық дәрежесі ерекше аталмаса) бар қорғалатын ақпаратты өңдеу жүзеге асырылатын олардың үлесімін қоса пайдаланатын қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйелерге таратылады.

Осы стандарт қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйелер құру және қолдану бөлігінде «Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттар жиынтығы» 34-сыныпты стандарттардың қосымша талаптары мен ережелерін белгілейді.

Осы стандартты Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйелерге тапсырыс беретін, әзірлейтін және пайдаланатын ұйымдастырушылық-құқықтық түрі мен меншік түріне тәуелсіз ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер қолданады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 34.014-2002 Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттардың жиынтығы. Автоматтандырылған жүйелер. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 34.025-2006 Ақпаратты қорғау. Қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйелерді құру тәртібі. Жалпы ережелер.

ҚР СТ 34.026-2006 Ақпаратты қорғау. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1202-2002 Ақпаратты қорғаудың мемлекеттік жүйесі. Ақпаратты қорғайтын техникалық құралдарға қойылатын жалпы талаптар. Негізгі ережелер.

ҚР СТ ГОСТ Р 50739-2006 Есептегіш техника құралдары. Ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау. Жалпы техникалық ережелер

Ресми басылым

ҚР СТ ГОСТ Р 51275-2006 Ақпаратты қорғау. Ақпараттандыру объектісі. Ақпаратқа әсер ететін факторлар. Жалпы ережелер.

ГОСТ 34.201-89 Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттар жиынтығы. Автоматтандырылған жүйелерді құру кезіндегі құжаттардың түрлері, жинақтылығы және белгілері.

ГОСТ 16325-88 Жалпы мақсатқа арналған есептеуіш электронды сандық машиналар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 16504-81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнім сапасын сынау және бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 20397-82 Шағын электрондық есептеуіш машиналардың техникалық құралдары. Жалпы техникалық талаптар, қабылдау ережелері, сынау әдістері, таңбалау, буып-түю, тасымалда және сақтау, әзірлеушінің кепілдігі.

ГОСТ 21552-84 Есептеуіш техника құралдары. Жалпы техникалық талаптар, қабылдау ережелері, сынау әдістері, таңбалау, буып-түю, тасымалда және сақтау, әзірлеушінің кепілдігі.

ГОСТ 23773-88 Жалпы мақсатқа арналған есептеуіш электронды сандық машиналар. Сынау әдістері.

ГОСТ 27201-87 Есептегіш электрондық дербес машиналар. Типтері, негізгі параметрлері, жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 28147-89 Ақпаратты өңдеу жүйесі. Криптографиялық қорғау. Криптогра-фиялық түрлендіру алгоритмі.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы стандартта ҚР СТ 1202 стандартында белгіленген терминдер, сондай-ақ сәйкесті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер пайдаланылады:

3.1 **Мемлекеттік құпиялар:** Тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, контрбарлау, жедел-іздестіру және халықаралық құқықтың [1] жалпы қабылданған ережелеріне қайшы келмейтін, басқа қызметтерді жүзеге асыру мақсатында таралуына мемлекет шек қоятын мемлекеттік және қызметті құпиядан тұратын мемлекет қорғайтын мәліметтер.

3.2 **Құпиялылық белгісі:** Тасушысында бар мәліметтердің құпиялылық дәрежесі туралы куәландыратын, тасушының өзімен және (немесе) оған арналған ілестіру құжаттамасымен жеткізілетін деректемелер.

3.3 **Ақпаратты қорғау:** Жылыстаудан, ұрлануының. жоғалуының, санкциясыз жойылуының, өзгертілуінің, түрлендірілуінің (қолдан жасалуының), санкциясыз көшірілуінің, ақпаратқа берілетін рұқсатқа тосқауыл қоюдың алдын алу мақсатында өткізілетін ұйымдастыру, құқықтық техникалық және технологиялық шаралар [2].

3.4 **Қорғалатын ақпарат:** Меншіктік болып табылатын және құқықтық құжаттардың талаптарына немесе ақпараттың меншік иесі белгілеген қойған талаптарға сәйкес (ҚР СТ 1202 бойынша) қорғалуға жататын ақпарат.

3.5 **Автоматтандырылған жүйе:** Қызметкерлерден және оның қызметін автоматтандыру құралдары жиынтығынан тұратын, белгіленген функцияларды орындайтын ақпараттық технологияны іске асыратын (ҚР СТ 34.014 бойынша) жүйе.

3.6 **Қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйе:** Белгіленген функцияларды орындайтын ақпараттық технологияны ақпаратты қорғау жөніндегі стандарттардың және/немесе басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес іске асыратын автоматтандырылған жүйе.

3.7 **Біріктірілген автоматтандырылған жүйе:** Екі немесе одан да көп өзара байланысты АҚ жиынтығы, оның ішіндегі біреуінің жұмыс істеуі екіншісінің (басқаларының) жұмыс жасау нәтижелеріне байланысты болғандықтан, осы жиынтықты біртұтас АҚ ретінде қарастыруға болады (ҚР СТ 34.014 бойынша).

3.8 **Автоматтандырылған жүйе ақпаратын қорғау жүйесі:** Ақпаратты қорғаудың барлық техникалық, бағдарламалық және бағдарламалық-техникалық құралдарының және ақпаратты қорғаудың тиімділігін бақылау құралдарының жиынтығы (ҚР СТ 34.025 бойынша).

3.9 **Ақпаратты өңдеу:** Ақпаратты жинау, жинақтау, енгізу, шығару, қабылдау, беру, жазу, сақтау, тіркеу, жою, түрлендіру, бейнелеу операцияларының жиынтығы (ҚР СТ ГОСТ Р 51275 бойынша).

3.10 **Автоматтандырылған жүйені техникалық қамтамасыз ету:** АҚ жұмыс жасап жатқанда пайдаланылатын барлық техникалық құралдардың жиынтығы (ҚР СТ 34.014 бойынша).

3.11 **Автоматтандырылған жүйені бағдарламалық қамтамасыз ету:** АҚ кейінге қалдыруға, жұмыс істеуіне және жұмысқа қабілеттігін тексеруге арналған деректердің және бағдарламалық құжаттардың тасымалдаушысындағы бағдарламалар жиынтығы (ҚР СТ 34.014 бойынша).

3.12 **Сынақтар**: Жұмыс жасауы кезінде, объектіні түрлендіру кезінде оған әсер ететін нәтиже ретінде сынақтардың және/немесе әсерлердің объектісі қасиеттерінің сандық және/немесе сапалық қасиеттерін тәжірибелік анықтау (ГОСТ 16504 бойынша).

3.13 **Қорғалатын ақпаратқа әсер ететін фактор:** Нәтижесінде қорғалатын ақпараттың жария болуы, бұрмалануы, жойылуы, оған берілетін рұқсатқа тосқауыл қою болуы мүмкін құбылыс, іс-әрекет немесе процесс (ҚР СТ ГОСТ Р 51275 бойынша).

3.14 **Ақпарат қауіпсіздігіне төнетін қатер:** Ақпараттың жария болуымен және/немесе санкцияланбаған және/немесе абайсыз оған әсер етумен байланысты әлуетті немесе шынайы бар қауіп төндіретін шарттар мен факторлар жиынтығы.

3.15 **Жанама электромагниттік сәулелену:** Ақпаратты өңдейтін техникалық құралдардың жұмысы барысында пайда болатын электромагниттік сәулелену (ҚР СТ ГОСТ Р 51275 бойынша).

3.16 **Электромагниттік көздеулер (наводкалар):** Ток өткізгіш элементтердегі токтар мен кернеулер, электромагниттік өрістен пайда болған электр зарядтары немесе магниттік ағындар.

3.17 **Салу құрылғы:** Ақпаратты жинап алуға мүмкін бар орындарға (соның ішінде қоршауға, құрастырылымға, жабдыққа, үйдің ішкі көрініс заттарына, көлік құралдарына, сондай-ақ техникалық құралдарға және ақпаратты өңдеу жүйелеріне) жасырын енгізілетін (салынатын немесе енгізілетін) ақпаратты жинап алу құралының элементі (ҚР СТ ГОСТ Р 51275 бойынша).

3.18 **Бағдарламалық салу:** Бағдарламалық қамтамасыз етуге енгізілген атқарымдық объектілер, белгілі бір жағдайларда (кіріс деректері) ақпаратқа санкцияланбаған әсерлерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, құжаттамада сипатталмаған бағдарламалық қамтамасыз ету қызметтерінің орындалғанын білдіретін, бағдарламалық қамтамасыз етуге енгізілген атқарымдық объектілер (ҚР СТ ГОСТ Р 51275 бойынша).

3.19 **Бағдарламалық вирус:** Санкцияланбаған тарату және өздігінен жаңғыртылу қасиеті бар орындалатын бағдарламалық код немесе нұсқаулардың түсіндірілетін жиынтығы. Таралу процесінде вирустық объектілер өздерін түрлендіре алады. Кейбір бағдарламалық вирустар бағдарламаларды немесе деректерді өзгерте, көшіре немесе жоя алады (ҚР СТ ГОСТ Р 51275 бойынша).

3.20 **Автоматтандырылған жүйенің қорғалу сыныбы:** Автоматтандырылған жүйеге қойылатын ақпаратты қорғау жөніндегі талаптардың белгілі бір жиынтығы.

Осы стандартта мынадай қысқартулар қабылданған:

АЖ - автоматтандырылған жүйе;
ҚОАЖ - қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйе;
ТТ – техникалық тапсырма;
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы;
ТҚЖ - тәжірибелі-құрастырушылық жұмыс;
АҚ – ақпаратты қорғау;
ЖЭМСК - жанама электромагнитті сәулеленулер мен көздеулер;
СНМЕ – санитарлық нормалар мен ережелер;
ҚҚБЖ - құрастырушылық құжаттаманың бірыңғай жүйесі;
ТҚ – техникалық құралдар;
СР – санкцияланбаған рұқсат;
БҚ - бағдарламалық құралдар;
НҚ – нормативтік құжат;

АҚҚ – ақпаратты қорғау құралы;
БҚБЖ – бағдарламалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі;
ТҚБЖ – технологиялық құжаттаманың бірыңғай жүйесі.

4 Жалпы ережелер

4.1 ҚОАЖ жобалау, жасау және пайдалану ақпаратты қорғау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптары, осы стандарттың, ақпаратты қорғау жөніндегі талаптары бөлігінде АЖ арналған стандарттар мен техникалық тапсырманың талаптары есебімен жүзеге асырылуға тиіс.

ҚОАЖ-де мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерден тұратын ақпаратты қорғауға арналған шифрлау техникасын пайдалану тәртібі қолданыстағы НҚ талаптарына сәйкес анықталады.

4.2 ҚОАЖ пайдаланушыға қорғалған өнім түрінде жеткізуге және әзірлеуге рұқсат етіледі. Қорғалатын ақпаратты өңдеуге арналған жұмыс істейтін (пайдаланылатын) және түрлендірілетін АҚ ақпаратты қорғаудың қосымша жүйемен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.3 Ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды тұтастай ҚОАЖ да, сол сияқты қажет болса құрама құрамбөліктерге де (бөлімдеріне) тапсыру беруші белгілейді.

ҚОАЖ құрамбөліктеріне (құрама бөліктеріне) қойылатын ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар тұтасымен жүйенің ақпаратты қорғау жөніндегі талаптармен келісілуге тиіс.

4.4 Ақпаратты қорғау жөніндегі ҚОАЖ қойылатын талаптар «Ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар» ҒЗЖ (ТКЖ)-ға жеке бөлімшесі түрінде жүйе құруға ТТ-да беріледі.

Қажет болса ҚОАЖ жасауға ТТ-да немесе оның құрам бөліктеріне тапсырыс беруші ақпаратты қорғау жөнінде осы стандарт талаптарын толықтыратын және анықтайтын ерекше талаптар кіргізе алады.

ҚОАЖ техникалық немесе эскиздық жобалау нәтижелері бойынша, қажетіне қарай, бекітілген ТТ-ға өзгерістер енгізу үшін белгіленген тәртіппен түзетуге рұқсат етіледі.

4.5 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау:

- ҚОАЖ-де ақпаратты қорғаудың нақты мақсатын іске асыру мүддесінде жүзеге асырылатын, мақсатқа сай;
- ҚОАЖ құрастырылымдық элементтерінің барлық көптүрлілігін ҚОАЖ үшін қауіп-қатердің барлық спектрінен қорғау мүдделерінде жүзеге асырылатын жинақтық;
- өңделетін ақпараттың маңыздылығына, ҚОАЖ ресурстарының күйіне, ақпаратты қорғау қауіп-қатерліктерді қадағалау нәтижелерінің ҚОАЖ пайдалану жағдайларына байланысты ҚОАЖ өмірлік циклінің барлық кезеңінде жүзеге асырылатын басқарылатын;

- ақпаратты қорғау әдістері мен құралдары ақпаратты қорғаудың қажетті деңгейін техникалық арналар, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, беру түріне тәуелсіз оған рұқсатсыз және абайсызда әсер ету жөніндегі жария болудан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс, кепілді болуға тиіс.

4.6 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау жүйесі іске асырылуға тиіс, ол мынадай жұмыстар атқарады:

- ақпарат қауіпсіздігі қатері пайда болғаны туралы сақтандыру;
- ақпарат қауіпсіздігі қатерін табу, бейтараптау және оқшаулау;
- қорғалатын ақпаратқа рұқсатты басқару;
- қауіп-қатерлер әсер етуден кейін ақпаратты қорғау жүйені және қорғалатын ақпаратты қалпына келтіру;
- қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған рұқсат және оған санкцияланбаған әсер ету оқиғалары мен ұмтылыстарын тіркеу;
- ақпаратты қорғау құралдары мен жүйелерінің жұмысын бақылауды қамтамасыз ету және олардың істен шығуына дереу әрекет ету.

4.7 ҚОАЖ әзірлеу (түрлендіру) және пайдалану кезінде әзірлеушілердің, пайдаланушылардың, пайдаланушы қызметкерлердің техникалық және бағдарламалық құралдарға, сондай-ақ ҚОАЖ ақпараттық ресурстарына қол жеткізуге рұқсат беру жүйесі ұйымдастырылуға тиіс.

Пайдаланушыларға өздеріне белгіленген атқарымдық міндеттерді орындау үшін қажетті құралдармен және ресурстармен ғана жұмыс істеу құқығы беріледі.

ҚОАЖ ресурстарына рұқсат алу жөніндегі әзірлеушілердің, пайдаланушылардың және пайладанушы қызметкерлердің өкілеттіктерін жүйеге тапсырыс беруші белгілейді және «Орындаушылардың кәсіпорындағы құжаттарға және мәліметтерге қол жеткізуіне рұқсат беру жүйесі туралы ережелер» бөлімінде және ҚОАЖ пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда ҚОАЖ құруға (түрлендіруге) ТТ-да бейнеленеді.

4.8 ҚОАЖ-де мыналар:

- қорғалатын ақпараты бар ақпараттық жиындар және дерекқор түріндегі және магниттік, оптикалық және басқа тасымалдаушылармен берілген ақпараттық ресурстар;
- автоматтандыру құралдары (есептегіш техника құралдары, ақпараттық-есептеу жиынтықтар, желілер және жүйелер), бағдарламалық құралдар (амалдық жүйелер, дерекқорларды басқару жүйелері, басқа жалпыжүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету), басқарудың автоматтандырылған жүйелері, байланыс және деректер беру жүйелері және басқа құралдар қорғалуға тиіс.

4.9 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау жүйесі құрылатын ҚОАЖ ажыратылмас құрама бөлігі болып табылады немесе түрлендірілген жұмыс жасаушы автоматтандырылған жүйенің қосымша ішкі жүйесі түрінде жүзеге

асырылады. ҚОАЖ ақпаратты қорғау жүйесіне қойылатын талаптар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес беріледі.

5 Жалпы талаптар

5.1 ҚОАЖ қойылатын жалпы талаптарға:
- атқарымдық талаптар;
- тиімділікке қойылатын талаптар;
- техникалық талаптар;
- экономикалық талаптар;
- құжаттамаға қойылатын талаптар кіреді.

5.2 ҚОАЖ қойылатын атқарымдық талаптарға талаптардың мынадай топтары:
- ҚОАЖ өңделетін ақпараттың құпиялық (жасырын) белгілері;
- ҚОАЖ қорғалу сыныбы;
- ақпаратты қорғау мақсаттары;
- ҚОАЖ қорғалатын ақпараттың тізімі және оны қорғау тиімділігінің талап етілетін деңгейлері;
- ақпараттың кетуінің ықтимал техникалық арналары және ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізу тәсілдері, ҚОАЖ ақпаратқа санкцияланбаған және абайсызда әсерлер ету тәсілдері, ҚОАЖ қорғалу сыныбы кіреді.

5.2.1 Ақпараттың құпиялық (жасырын) белгісін, ҚОАЖ қорғау санаттарын анықтауды ақпаратты қорғау саласындағы қолданыстағы басқарушы және нормативтік құжаттарға сәйкес тапсырыс беруші жүзеге асырады.

5.2.2 ҚОАЖ қорғалу тобын анықтау қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5.2.3 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау мақсаттары

5.2.3.1 ҚОАЖ-де АҚ жалпы мақсаты осы жүйенің иесіне және/немесе оны пайдаланушыға ақпарат қауіпсіздігі қауіп-қатерін іске асыру салдарынан тиген зиянның алдын алу немесе көлемін азайту болып табылады.

Ақпаратты қорғаудың ҚОАЖ жалпы мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін жеке мақсаттары:
- техникалық арналар бойынша ақпараттың жария болуының алдын алу;
- ақпаратты санкцияланбаған жоюдың, бұрмалаудың, көшірудің, бұғаттаудың алдын алу;
- жиымдарды, ақпаратты өңдеу бағдарламаларын пайдаланудың, өңдеу жүйелерінде ақпараттың толықтығын, тұтастығын, растығын қамтамасыз етудің құқықтық режімін сақтау;
- өңдеу процесін басқару және қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған әсер ету жағдайларында ақпаратты пайдалау мүмкіндігін сақтау.

5.2.3.2 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау мақсаттарына:

- қорғау мақсатының маңызды түсіндірмесі;
- мақсатқа қол жеткізу тиімділігінің көрсеткіші және оның талап етілетін мәні;
- ақпаратты қорғаудың әрбір мақсатының өзектілік уақыты (мақсатқа қол жеткізілуге тиісті өмірлік циклдың кезеңдері).

5.2.4 ҚОАЖ-дегі ақпаратты қорғаудың әрбір міндетінің түсіндірмесіне:

- міндеттерді шешу кезінде алдын алу (жою) қажет ҚОАЖ (оның құрамбөлігі) үшін қауіпсіздіктің нақты қауіп-қатерінің атауы;
- міндетті шешу тәсілінің түсіндірмесі;
- осы міндетті шешу үшін іске асырылуға тиісті функциялардың тізбесі;
- міндетті шешу тиімділігіне немесе кепілділіктеріне қойылатын талаптар;
- осы міндетті шешуге бөлінген ҚОАЖ ресурстарына шектеулер кіреді.

5.2.4.1 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау міндеттеріне:

- байланыс арналары бойынша берілетін қорғалатын ақпаратты алып қоюдың алдын алу;
- жанама электромагниттік сәулелену және көздеу есебінен өңделетін қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу;
- өңделетін немесе ҚОАЖ-де сақталатын қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуді жою;
- қорғалатын ақпаратты бұзатын, жоятын, бұрмалайтын санкцияланбаған және абайсызда жасалатын әсерлердің және ҚОАЖ құралдарының жұмысындағы жаңылысудың алдын алу;
- ҚОАЖ техникалық құралдарына ықтимал енгізілген ақпаратты ұстайтын арнайы электрондық құрылғыларды табу;
- ҚОАЖ-дегі қорғау құралдары мен жүйелерінің жұмыс істеуіне бақылау жасау кіреді.

5.2.5 ҚОАЖ-де қорғалатын ақпараттың тізбесі және оны қорғау тиімділігінің талап етілетін нормалары (деңгейлері).

5.2.5.1 ҚОАЖ-де қорғалатын ақпараттың нақты тізбесін анықтау ҚОАЖ тағайындалуына, ақпаратты қорғау мақсаттарына, ҚОАЖ құрамы мен құрылымына, сондай-ақ ақпаратты қорғау құрамы мен құрылымына сүйеніп жүзеге асырылуға тиіс.қорғалатын ақпараттың тізбесі тұтасымен ҚОАЖ үшін де, сондай-ақ оның құрама бөліктері (құрамбөліктері) үшін де анықталады.

5.2.5.2 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау тиімділігі жөніндегі талаптарға:

- ақпаратты қорғаудың іске асырылатын тәсілдерінің тізбесі;
- ақпаратты қорғау тиімділігінің көрсеткіштерінің тізбесі;
- ақпаратты қорғау тиімділігінің талап етілетін деңгейлері кіруге тиіс.

5.2.6 ҚОАЖ-де ақпараттың жария болуының ықтимал техникалық арналарын, санкцияланбаған рұқсатты, оған тиетін санкцияланбаған және

абайсызда әсер етуді анықтау ҚОАЖ құрамын, құрылымын, жұмыс істеу алгоритмін талдау, ҚОАЖ ақпаратты қорғау қауіп-қатерлер үлгілерін пайдалана отырып орналастыру шарттары, қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес ақпаратқа әсер ететін факторларды атаутізімі негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Ақпараттың жария болуын техникалық арналарының қауіптілігін, ақпаратқа санкцияланбаған рұқсаттың ықтимал тәсілдерін және оған тиетін санкцияланбаған әсерлерді бағалау тиісті жұмыстар өткізуге арналған уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік және әдістемелік құжаттарында анықталған көрсеткіштер мен әдістемелер бойынша жүзеге асырылады.

5.3 ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау міндеттерін шешудің тиімділігіне немесе кепілдіктеріне қойылатын талаптарға:

- техникалық арналар бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар;
- қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған рұқсаттың алдын алу жөніндегі талаптар;
- ақпаратты бұзатын, жоятын, бұрмалайтын немесе ҚОАЖ құралдарының жұмысында жаңылысу тудыратын санкцияланбаған және абайсызда болған әсерлердің алдын алу жөніндегі талаптар;
- үй-жайларға және техникалық құралдарға енгізілген ақпаратты ұстайтын арнайы электрондық құралдарды табу жөніндегі талаптар;
- ҚОАЖ ақпаратын қорғау жүйесінің жұмыс жасауына бақылау жөніндегі талаптар кіреді.

5.3.1 Техникалық арналар бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар

5.3.1.1 Қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптарға:

- жанама электромагниттік сәулелену және көздеулер есебінен қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар;
- барлаудың техникалық арналары бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар;
- жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін АҚ техникалық құралдарынан сәулеленіп бөлінетін сигналдар есебінен қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар;
- қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған рұқсаттың есебінен оның жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар кіреді.

5.3.1.2 ҚОАЖ құрамына кіретін және қорғалуға тиіс есептегіш техника құралдары жанама электромагниттік сәулелену және көздеулер есебінен жария болудан ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды қанағаттандыруға тиіс. Жанама электромагниттік сәулелену және көздеулер есебінен жария болудан ақпаратты қорғау тиімділігінің көрсеткіштерінің атаутізімі қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес анықталады.

5.3.1.3 Барлаудың техникалық арналары бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу талаптарына:

- техникалық барлау арналары бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар;
- техникалық құралдарды пайдаланатын агенттік барлау арналары бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар кіреді.

Техникалық және агенттік барлау арналары бойынша қорғалатын ақпараттың жария болуының алдын алу жөніндегі талаптар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

5.3.1.4 ҚОАЖ құрылымдық құрамбөліктерінің жұмыс істеуінің ақпаратқа әсер ететін сыртқы факторларға төзімділігі жөніндегі талаптар ГОСТ 16325, ГОСТ 20397, ГОСТ 21552, ГОСТ 27201 бойынша ҚОАЖ құрамбөліктерінің нақты сыныптарына (түрлеріне, типтеріне) белгіленеді.

ҚОАЖ-нің ақпаратқа ішкі әсер ету факторларына (істен шығу, жаңылысу, қателер) төзімділігі жөніндегі талаптар нақты жүйенің немесе оның құрамбөліктерінің жұмыс жасау сенімділігі мен тұрақтылығы талаптарымен бірге және ГОСТ 20397, ГОСТ 16325, ГОСТ 21552, ГОСТ 27201 бойынша белгіленеді.

5.3.1.5 ҚОАЖ-де кірістірілген электрондық және/немесе бағдарламалық тыңшы құрылғылары арқылы жария болуын алдын алу жөніндегі талаптарға ішіне орнатылған салу құрылғыларын анықтау және оларды жою жөніндегі кіреді. Осы талаптар қолданыстағы басшылық және нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

5.3.2 Қорғалатын ақпаратқа санкцияланбаған рұқсаттың алдын алу жөніндегі талаптар ҚР СТ ГОСТ Р 50739 бойынша және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құжаттары бойынша белгіленеді.

5.3.3 Ақпаратты бұзатын, жоятын, бұрмалайтын немесе ҚОАЖ ақпарат құралдарының жұмысы барысында жаңылыстыратын санкцияланбаған және абайсызда жасалған әсерлердің алдын алу жөніндегі талаптар ақпаратты қорғау саласындағы қолданыстағы құқықтық, басшылық және нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

ҚОАЖ-ге сырттан әсер ететін факторлар есебінен ақпараттың өзгеруінің алдын алу жөніндегі талаптар ГОСТ 20397, ГОСТ 21552, ГОСТ 27201 бойынша ҚОАЖ құрамбөліктеріне қойылатын талаптар есебімен белгіленеді.

Сыртқы жанама құбылыстар (электромагниттік өрістер) есебінен ақпараттың өзгеруінің алдын алу жөніндегі талаптар электромагниттік сыйымдылық жөніндегі нормаларға және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

ҚОАЖ-де комьютерлік вирустарды қосатын қаскүнемнің субъективті қасақана жасаған әрекеттері есебінен қорғалатын ақпараттың өзгертуінің

алдын алу жөніндегі талаптар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді және арнайы бағдарламалық және аппараттық қорғау құралдарын (вирустарға қарсы бағдарламалар) қолдану арқылы және бағдарламалық қамтамасыз етудің қауіпсіздігін бақылау жүйесін ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі.

5.4 Ақпаратты қорғау жөніндегі техникалық талаптарға ҚОАЖ қамтамасыз етудің негізгі түрлеріне:

- техникалық және бағдарламалық;

- ҚОАЖ орнатылатын ғимараттарға (үй-жайларға) немесе объектілерге, сондай-ақ ақпаратты қорғау және ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау құралдарына қойылатын талаптар кіреді.

5.4.1 ҚОАЖ техникалық қамтамасыз етуге қойылатын ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарға ҚОАЖ атқарымдық тағайындау бойынша пайдаланылатын негізгі техникалық құралдарға қойылатын талаптар да, сол сияқты негізгі техникалық құралдардың жұмыс жасауын қамтамасыз ететін көмекші техникалық құралдарға қойылатын талаптар да кіреді.

5.4.1.1 Негізгі техникалық құралдарға қойылатын техникалық талаптарда ЖЭМСК бойынша жария болудан, салу құрылғыларынан, сыртқы және ішкі әсер етуші факторлардан, ақпаратқа санкцияланбаған рұқсаттан және оған санкцияланбаған әсер етуден ақпаратты қорғау талаптары болады.

5.4.1.2 АҚ техникалық құралдарына қойылатын құрастырылымдық талаптар ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды есебінен құрылуға және ҚОАЖ нақты техникалық құралын әзірлеуге арналған ТТ «Құрастырылымдық талаптар» бөліміне кіруге тиіс.

5.4.1.3 ҚОАЖ техникалық құралдары электрмен қоректендіру ажыратылған жағдайда, апат болғанда, сондай-ақ табиғаттың қолайсыз құбылыстары және стихиялық апаттар жағдайларында ақпараттың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

5.4.1.4 ҚОАЖ техникалық құралдарды бақылау, сынау және қабылдау әдістері ГОСТ 23773 сәйкес келуге тиіс.

5.4.1.5 ҚОАЖ жерге қосу жүйесіне және электрмен қоректендіру желісіне қойылатын талаптар сәйкесті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленуге тиіс.

5.4.2 Телекоммуникациялар желісін (деректер беру желісін) қорғауға қойылатын талаптар тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

5.4.3 ҚОАЖ бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар ақпаратты қорғау саласында қолданыстағы басшылық және нормативтік құжаттарға сәйкес регламенттеледі.

5.4.4 ҚОАЖ орнатылатын ғимараттарға (үй-жайларға) немесе құрылғыларға қойылатын АҚ жөніндегі талаптарға ғимараттың (үй-жайдың)

қоршайтын құрылымдарына, құрылыс технологиясына қойылатын талаптар, коммуникациялар құралдарына қойылатын талаптар және үй-жайлардың дыбыс өткізбеуіне қойылатын талаптар кіреді.

5.4.4.1 ҚОАЖ орналасатын объектінің үй-жайларын және құрылыстарын қайта құру немесе кеңейту қажет болған жағдайда ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар СНМЕ-ге және басқа қолданыстағы басшылық және нормативтік құжаттарға сәйкес қойылады.

5.4.4.2 ҚОАЖ негізгі техникалық құралдарын құпия (жасырын) келіссөздер жүргізуге арналған үй-жайларға орналастыру кезінде ҚОАЖ негізгі және көмекші техникалық құралдарына акустоэлектрикалық түрлендірулер есебінен сөйлеу ақпаратының жайылып кетуінен қорғау жөнінде шаралар қабылдануға тиіс.

5.4.5 Ақпаратты қорғау құралдарына және ақпаратты қорғаудың тиімділігін бақылау құралдарына қойылатын талаптар

5.4.5.1 Ақпаратты қорғау және ақпаратты қорғаудың тиімділігін бақылау құралдарына қойылатын талаптардың атаутізімі және мазмұны қолданыстағы нормативтік құжаттарға және ақпаратты қорғау және оның тиімділігін бақылау құралдарына арналған техникалық шарттарға сәйкес анықталады.

5.4.6 Ақпаратты қорғау міндеттерін шешуге бөлінетін ҚОАЖ аппараттық, бағдарламалық, ақпараттық, уақытша және басқа ресурстарға шектеулер негізгі атқарымдық тағайындалуы бойынша ҚОАЖ жұмыс жасау тиімділігін рұқсат етілетін төмендетуге сүйене отырып ҚОАЖ бар ресурстарының есебімен анықтайды.

5.5 АҚ жөніндегі экономикалық талаптарға:

- ҚОАЖ және/немесе ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау жүйесін құруға тапсырыс беретін ұйымдар үшін рұқсат етілетін шығындар;
- ҚОАЖ және/немесе ҚОАЖ-де ақпаратты қорғау жүйесін пайдаланатын ұйымдар үшін рұқсат етілетін шығындар кіреді.

5.6 ҚОАЖ арналған құжаттамаға қойылатын талаптар

5.6.1 ҚОАЖ арналған құжаттаманың жиынтығы нормативтік құжаттарда және ГОСТ 34.201 бойынша белгіленеді және қосымша 1-кестеде көрсетілген құжаттар кіреді.

5.6.2 Ақпаратты қорғау және оның тиімділігін бақылау құралдарына арналған құрастырылымдық, технологиялық пен пайдалану құжаттамасының жиынтығына қойылатын талаптар

Техникалық құралдарға ҚҚБЖ талаптарына сәйкес құрастырылымдық және пайдалану құжаттамасы әзірленеді.

1-кесте - Автоматтандырылған жүйеге арналған ақпаратты қорғау жөніндегі қосымша құжаттаманың атаутізімі

Құжат атауы	ГОСТ 34.201 бойынша құжаттың коды	Ескерту
1 ҚОАЖ негізгі және көмекші техникалық құралдарының алғашқы электрмен қорек-тендіру сұлбасы	С7*	АҚ бойынша талаптар есебімен
2 ҚОАЖ негізгі және көмекші техникалық құралдарының жерге қосу сұлбасы	С7*	АҚ бойынша талаптар есебімен
3 ҚОАЖ негізгі және көмекші техникалық құралдарының, бағдарламалық құралдарының спецификациясы	-	
4 Режімдік мәселелер бойынша ҚОАЖ (желі) абоненттеріне арналған басшылық	ПН4	АҚ бойынша талаптар есебімен
5 ҚОАЖ қорғалғанын растау жөніндегі бақылау сынақтарының және тексеріс-терінің тізбесі (көлемі және кезеңділігі)	-	
6 ТҚ пайдалануға нұсқау	Д130	АҚ бойынша талаптар есебімен
7 Сәйкестік сертификаты (әрбір жүйенің және АҚҚ, ТТ, БҚ)	-	
8 ҚОАЖ құралдарын және ақпаратты қорғау мәселелері жөніндегі жүйені тұтасымен санаттау актісі	-	
9 Жүйедегі ақпаратқа РЕ-ден қорғау бөлігінде ҚОАЖ жіктеу актісі	-	
10 ҚОАЖ-нің ақпаратты қорғау жөніндегі НҚ талаптарына сәйкестігін растайтын құжат	-	
11 Ақпаратты қорғау жөніндегі формуляр (техникалық паспорт)	-	
12 Тұжырымдамалар, ережелер, басшылықтар, нұсқаулар, нұсқаулық-тар, жарғылар, ережелер, нормалар, үлгілер	-	
*Коды ҚҚБЖ стандарттарының талаптарына сәйкес белгіленген құжаттар		

Бағдарламалық құралдарға БҚБЖ сәйкес құрастырылымдық және пайдалану құжаттамасы әзірленеді.

Бағдарламалық-техникалық құралдарға БҚБЖ, ҚҚБЖ, ТҚБЖ талаптарына сәйкес құрастырылымдық және пайдалану құжаттамасы әзірленеді.

5.6.3 Құжаттардың құрамына, түрлеріне қойылатын және ұйымдастыру-басқару құжаттамасының мазмұнына қойылатын талаптар қолданыстағы басшылық пен нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Қосымша
(анықтамалық)

Библиография

[1] Қазақстан Республикасының Заңы	«Мемлекеттік құпиялар туралы»
[2]	ҚР Президент жарлығы бекіткен 10.10.2006 №199 Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы

ӘОС681.3 **МСЖ 35.040**

Түйінді сөздер: қорғалатын ақпарат, автоматтандырылған жүйе, қорғалған орындаудағы автоматтандырылған жүйе, ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар, ақпаратты қорғау құралдары, ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау құралдары, ақпаратты қорғау жүйесі, ақпаратты қорғау құралдарын сертификаттау, ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Защита информации

АВТОМАТИЗИРОВАННЫЕ СИСТЕМЫ В ЗАЩИЩЕННОМ ИСПОЛНЕНИИ

Общие технические требования

СТ РК 34.024-2006

Издание официальное

**Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН ТОО «Специальное конструкторско-технологическое бюро «Гранит»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от от 15 декабря 2006 г. № 550

3 Настоящий стандарт разработан с учетом основных положений стандарта Российской Федерации ГОСТ Р 51624-2000 «Защита информации. Автоматизированные системы в защищенном исполнении. Общие положения**».**

4 В настоящем стандарте реализованы нормы законов Республики Казахстан О техническом регулировании, О языках в Республике Казахстан, О государственных секретах, Концепция информационной безопасности Республики Казахстан, Соглашения Всемирной торговой организации по техническим барьерам в торговле.

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2011 г.
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Защита информации

АВТОМАТИЗИРОВАННЫЕ СИСТЕМЫ В ЗАЩИЩЕННОМ ИСПОЛНЕНИИ

Общие технические требования

Дата введения 2008.01.01

1 Область применения

Настоящий стандарт распространяется на автоматизированные системы в защищенном исполнении, используемые в различных видах деятельности (исследования, управление, проектирование, производство и т. п.), включая их сочетания, в процессе создания и применения которых осуществляется обработка защищаемой информации, содержащей сведения, отнесенные к государственным секретам (далее – секретная информация, если степень ее секретности не оговаривается особо).

Настоящий стандарт устанавливает дополнительные требования и положения стандартов класса 34 "Информационная технология. Комплекс стандартов на автоматизированные системы" в части создания и применения автоматизированных систем в защищенном исполнении.

